



ҚР Ұлттық банкiнiң функциялары мен операциялары


PhD, доцент Досжан Р.Д




Қазақстан Ұлттық банкінің негізгі мақсаты елдегі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.



ҚР ҰБ міндеттері




1. мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеу және жүргізу;
2. төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
3. валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
4. қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу




ҚР ҰБ өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес функцияларды орындайды:

- 1 Мемлекеттік **ақша-несие саясатын** жүргізу;
- 2 банкноттар мен монеталардың **эмиссиясын** жүзеге асыру;
- 3 **банктердің банкі** функциясын жүзеге асыру;
- 4 банк - **қаржы кеңесшісі**, ҚР Үкіметінің агенті функциясын және Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдар үшін олармен келісім бойынша өзге де қызметтерді орындау арқылы жүзеге асырылады;
- 5 **төлем жүйелерінің** жұмыс істеуін ұйымдастыру;
- 6 Қазақстан Республикасындағы **валюталық реттеу және валюталық бақылау** қағидаттарына негіздеу;
- 7 **алтын-валюта** активтерін басқару;
- 8 қаржы ұйымдарының қызметін **бақылау және қадағалау**, сондай-ақ олардың қызметін банктің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша реттеу қағидаттарына негіздеу.



Ұлттық Банктің негізгі басымдығы – инфляцияны төмендету бойынша банктің өз мақсатына жауап беретін және қойылған мақсаттың жоғары ашықтығына байланысты нарық қатысушыларының үлкен сенімін қамтамасыз ететін инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу.



Ақша-несие саясатының негізгі құралдары:

Ұлттық Банктің банктерге несиелері бойынша сыйақы (мүдде) ставкаларының деңгейлері;

ҚР ҰБ-ға депозитке салынатын ең төменгі міндетті резервтердің нормативі,

Ресми есептік (дисконттық) мөлшерлеме


Валюта нарығындағы интервенциялар;

Жекелеген түрлерінің несиелік операцияларының деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулер енгізу (ерекше жағдайларда)

Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша ашық нарықтағы операциялар;

Банктерге несиелер;





1

- Қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастырады, Ұлттық Банкте ашылған банк шоттарының иелеріне жоғары өтімді, тәуекелсіз бағалы қағаздармен және басқа да активтермен қамтамасыз ету үшін бір жылдан аспайтын мерзімге несиелер береді;

2

- Екінші деңгейдегі банктер үшін соңғы сатыдағы кредитор болып табылады, осыған байланысты оларға Ұлттық Банктің Басқармасы белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қамтамасыз етілген, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген ұлттық және шетелдік валютада несиелер беруге құқылы;

3


- Клиенттің банк шотынан ақшаны қате есептеу фактісі анықталған кезде оны алып қоюға құқылы, клиенттің акцептісіз ақша алуға келісімін растайтын құжаттары болған кезде оның банк шотын дебеттеуге құқылы;

4

- ҚР ҰБ басқармасы айқындайтын тәртіппен және шарттарда банктер мен басқа да ұйымдардың Ұлттық Банкке оларға берілген несиелер бойынша берешектерін қайта құрылымдауды жүргізеді.



«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 Заңына сәйкес Ұлттық банк ұлттық валютада мынадай операцияларды жүргізеді:



1	өтімділігі жоғары, тәуекелі жоқ бағалы қағаздармен және басқа да активтермен қамтамасыз ету үшін Ұлттық банкте алты айдан аспайтын мерзімге ашылған банк шоттарының иелеріне несиелер береді;
2	мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;
3	несиелерді қамтамасыз ету үшін жарамды деп есептейтін депозиттік сертификаттарды, өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын борыштық бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;
4	депозиттерді қабылдайды, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырады, бағалы қағаздар мен өзге де құндылықтарды сақтауға және басқаруға алады;
5	туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асырады;
6	қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктер мен қаржы ұйымдарында шоттар ашады;
7	чектер жазып береді және вексельдер береді;
8	егер бұған заңнамада тікелей тыйым салынбаған болса, өз міндеттеріне сәйкес басқа да банк операцияларын, сондай-ақ өз атынан мәмілелер жасайды.

Ұлттық Банктің несиелерін қамтамасыз етуге арналған кепіл нысанасы болуы мүмкін:

01 - тазартылған алтын;

02 - шетел валютасы;

03 - алты айға дейінгі өтеу мерзімі бар теңгедегі және шетел валютасындағы вексельдер;

04 - бір жылға дейін өтеу мерзімі бар қор биржаларында ресми түрде белгіленген борыштық қағаздар

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Ұлттық банктің қызметтің мынадай түрлерімен айналысуға құқығы жоқ:




- ұйымдарға қызмет көрсету, сондай-ақ заңды тұлғалардың акцияларын сатып алу;



- қамтамасыз етусіз несие беру;



- сауда және өзге де қызметпен айналысуға;



- берілген несиелерді ұзарту немесе мерзімі өткен вексельдерді жаңартуға рұқсат беру